



A

Q

I

Q

A

T

Кезең шындығының суреткері

Қазақтың белгілі жазушысы Өтебай Қанахиннің туғанына 100

жыл

Ауылды жердегі ұста отбасында дүниеге келген жас Өтебай тағдыр тауқыметін көп көрген. Оның балалық, жастық шағы отызыншы жылдардың ашаршылығына, қуғын-сүргін зұлматы мен екінші дүниежүзілік соғыс жылдарына сәйкес келген болатын. Жетімдік тауқыметін бір кісідей көрген ол балалар үйінде тәрбиеленіп, одан Ақтөбе мұғалімдер институтына оқуға түседі. Соның бірінші курсынан өз еркімен ел қорғауға аттанып, екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан.

Содан КСРО Қарулы күштері қатарында 1954 жылға дейін қызмет етіпті. Өтебай Қанахиннің осындай күрделі өмір жолының өзі-ақ қалам ұстап, қағазға үңілуді еріксіз қалап тұрғандай. Тіршіліктің осы бір қиын-қыстау, сан салалы шырғалаңдары болашақ жазушының шығармашылығына татымды азық болып, қайшыласқан адам тағдырлары туралы алуан кітаптың өмірге келуіне алғышарт міндетін атқарғаны сөзсіз. Жазушылығымен жалпақ жұртқа елуінші жылдардың ортасында-ақ мәлім болған, содан өмірінің соңына дейін бірқатар әсерлі туындыларды дүниеге келтіріп, қалам қарымын жеткілікті таныта білген осы бір қаламгердің кезінде оқырманы көп болғанын айта кету керек.

Бүгінгі таңда көзі жоқ қаламгер туралы қалам тербеу әрі қиын, әрі оңай да. Жеңіл болатыны – жазушының тек шығармашылығы жайында және өзі туралы естелік қана айта аласың. Басты шарт – қаламгер шығармашылығын бүге-шігесі мен ұңғыл-шұңғылына дейін білмесең де, хабардар болуың керек. Қиын болатыны, жазып отырған қаһарманыңның алуан салалы өмір жолындағы әрқилы кезеңдері жайында, тіпті оның өз басындағы былайғы жұрт біле бермейтін кейбір адамшылық, өнегелік үлгісі жөнінде ақтарыла айтып, ой тарқатқаныңмен, оны оқырмандары, ұрпақтары ғана оқи алады. Қайта қайырылып, қалам ұстауға мәжбүр еткен жайт – республикадағы көп оқырманының бірі ретінде осы 100 жылдық мерейтой кезінде пікір білдіру құқығын мен де пайдалансам деген ой еді. Өйткені, сонау балалық шақтан бері өзім кітаптарын құныға, қадала оқып жүрген, сол кітаптар туралы талай адаммен пікір таластырып, олардың кереғар ойларына куә болған, тіпті жазушы шығармашылығының жетістіктерімен бірге кемшілік жақтарын да бір адамдай білетін сияқты болғандықтан, қарапайым оқырман ретінде ғана емес, артынан ерген інілерінің бірі ретінде жылы сөзді арнап қалуым парызым деп білдім. Бейбіт жылдардағы мамыражай уақытта да қаламгерге бір сәт тыным бермей, ел ішіне тықыршытып ала жөнелген, былайғы оқырманға тылсым күштей көрінетін шығармашылық мазасыздықтан Өтекең кенде болған жоқ. Жер қыртысынан қажетті кен іздеп, алты ай жаз үй

бетін көрмейтін геологтар секілді жаңа шығармасына материалдар іздеп, ел арасында жүрген кезі де болды. Қаламгердің бұрынғы-соңғы шығармаларын ақтарып отырсаңыз, жоғарыда жалғыз-ақ сөйлеммен айтылған өмір жолының шындығы мен шытырманын, қиындығы мен қызығын қапысыз таныр едіңіз. Ол, мейлі «Жер басып жүрсем», «Ауыр күндерде» повестері болсын, «Дәмелі», «Жүрек қалауы» романдары мен әр кезде жазылған әңгімелері болсын, тікелей жазушының өз өмірбаянына қатысты туған дүниелер екені сезілері анық. Бұл шығармалардың қай-қайсысынан да қаламгердің туған-өскен ортасы, көзқарасының, жан дүниесінің қалыптасып, азамат атануына септігі тиген әрқилы адамдар, уақыт тынысына сай қоғамның әлеуметтік бейнесі айқын көрініс беріп отырады. Басын ашып алатын нәрсе – аталған туындылардың ешқайсысы тарихи-өмірбаяндық дәлдікке негізделген деректі дүниелер емес. Сонда да олардағы оқиғалардың жазушының өз өміріне қатысы бар екендігі, сондықтан да бұл шығармаларды көркемдік шындық пен өмір шындығы сәтті қиюласып, үйлесім тапқандығы байқалады. Қалай дегенде де, Өтебай Қанахинды жазушы ретінде көпшілікке жете таныстырып, өз кезінде жаңа бір қаламгердің қатарға қосылғанын айғайламай, қоңыр үнімен хабарлаған алғашқы көлемді туынды «Ауыр күндерде» повесі болды. Армия қатарынан капитан атағымен жаңа ғана оралған, соғыстың, әскери өмірдің ұзақ уақыттағы әсерінен айыға қоймаған жас жазушының алғашқы көлемді туындысын екінші дүниежүзілік соғысы тақырыбына арнауы заңды да сияқты. Кешегі қанды қырғынды көріп қайтқан қабілет иесі үшін бұндай талпыныс – тіпті заңды ғана емес, Отан алдындағы, ұрпақ алдындағы абыройлы міндет, айнымас парыз сияқты еді. Қатыгез кезеңде шыңдалған әрі айқын дәлелденген социалистік қоғам шындығы, кеңес адамдарының қайтпас қаһармандығы, мызғымас бірлігі мен түбі бір болатын жеңіске деген нық сенім – повесть кейіпкерлері Павел, Многолюдов, Естібай, Дуся бейнелерінен, тарихи құбылыстың мәні мен мазмұны туралы көзқарастарынан анық байқалады. Повестің мақсаты да сол – фашист басқыншыларына қарсы айқаста халыққа тән аса қымбат қасиеттердің түпкі себебін аша отырып, соғыс келбетінің қандай екендігін жанды суреттермен әсерлі етіп бейнелеп шығу.

Осы көркемдік мақсаттың жолында автор ширыққан тартымды сюжет пен Отан тағдырымен іштей астасқан жеке адамдар өміріндегі әртүрлі әлеуметтік-психологиялық тартыстарды қоса пайдаланады. Негізгі сюжеттік желінің тосын оқиғалармен тармақтала дамып, күрделене түсуі, бояуы қанық соғыс эпизодтары, қысылшаң, шешуші сәттердегі жауынгерлер психологиясы, фашистердің басқыншылық көзқарасын бейнелеу повестің бітімін күрделендіріп, көркемдік әсерін айқындай түскен. Жазушының адамның жан дүниесін біршама әсерлі суреттейтіні, оқиғаны қызықты етіп құра білетіндігі осы шығармадан алғаш рет айқын аңғарылды десек, қателеспейміз.

Повестің бас кейіпкері – қоршауда қалып қойған сержант, қазақ жігіті Естібай Омаров. Жау тылынан өте алмай қалған совет жауынгерлері мен жергілікті адамдардың басын біріктіріп, партизан отрядын ұйымдастыруға мұрындық болушылардың бірі осы. Әрине, Отан қорғау жолындағы бұл маңызды істе ол жалғыз емес. Артемчук, Многолюдов тәрізді азаматтардың да патриоттық сезімі, батылдығы мен ұйымдастырушылық қабілеті шығармада нанымды суреттеледі. Жау тылында қауіпті жағдайда жүргенімен қазақ жігіті Естібайдың ештеңеден сескенбей, еркін қимылдауы, қандай қысталаң сәтте де шұғыл шешім қабылдап батылдық көрсетуі оқырманын еліктіріп, сүйсіндіріп отырады. Орман ішінде бір-біріне белгісіз екі топ кездесіп қалып, күдікті де қауіпті жағдай орнаған сәттегі Естібайдың батылдығын алыңыз. Ол абыржып тұрған күзетшінің иығына қолын салып тыныштандырады да, белгісіз адамдармен өзі тіл табыса бастайды.

Осындай суреттер мен ситуацияларды жазушы тым әсірелемей немесе қарадүрсін натуралистік шеңберде қалдырып қоймай, мейлінше реалистік қалыпта бейнелеуге ұмтылады. «Ауыр күндерде» повесінің жарық көрісімен-ақ оқырмандар мен әдебиетшілер назарына бірден ілігуі алдымен, екінші дүниежүзілік соғысы тақырыбына жазылған қызықты да тәлім-тәрбиелік мәні бар реалистік туынды болуында. Тіпті жазушының кейінгі жазылған кейбір еңбектерінде жете аңғарылмай жататын байсалдылық, қарымды эпикалық тыныс бұл повесте өз нақышын тапқан. Аталған шығарманы қазіргі күнде де соғыс тақырыбына еш олқысынбай, тартынбай қосуға болатынын повесть алғаш жарияланғаннан бергі отыз жылдай уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Майдангер жазушы өз жақсы білетін тақырыпқа бұл повестен өзге бірнеше әңгімелерін арнаған. Олардың ішінде, тіпті балалар үшін жазылғандары да бар. Қаламгердің келесі бір кесек туындысы соғыс кезіндегі тыл адамдарының, оның ішінде қазақ әйелдерінің тағдырын суреттейтін «Дәмелі» атты романы. Мұндағы оқиғалардың мезгілі де «Ауыр күндерде» повесінікімен бірдей – соғыс кезі. Екі шығарма оқиғасының мекені, объектісі, тартысы бөлек болғанымен, басты көркемдік идеялық желісі, айтар ойы табиғи түрде өзара ұқсас, шамалас. Бір сөзбен түйсек, бұл туынды да тылдағы еңбек адамдарының қаһарлы жылдардағы қайтпас қайсар келбетін, мұқалмас рухын, кіршік шалмас моральдық үстемдігін сипаттауға бағытталған. Әрине, алдыңғы шығармаға қарағанда, бұл романдағы идеялық-көркемдік желі сәл басқашалау аспектіде қарастырылған.

Қазақ жеріне көшіп келіп қоныстанған қорғаныс зауытының жұмыс процесі оқиғаны өрбітіп, адамдар тағдырын алдыға тартатын жалаң фон емес. Зауыт өмірі романда онда істейтін кейіпкерлер тіршілігімен тұтасқан бірлікте, рұхтас, ыңғайлас күйде бейнеленеді. Нақ осы туындыдағы адамдар өмірін қоғамдық-экономикалық оқиғалардан бөле-жарып қарау мүмкін емес сияқты. Бұл жағдайдың өзін зауыт та, адамдар да соғыс мақсатына, Отан талабына сәйкес жалғыз-ақ нәрсені

нысана етіп тірлік кешуімен ғана байланыстыруға болмайды. Өйткені, бұл арада адамдар дегеніміз – зауыт, ал зауыттың өзі тыл адамдарының тұтасқан жиынтығы тәрізді әсер етіп отыратын тұстар бар. Орталық кейіпкер Дәмелі өмірі – сол кездегі көптеген әйелдер үшін типтік сипаты бар күреске толы өмір. Отанының азаттығы үшін жанталаса еңбек етуі, майданда жүрген ері Мәдіғалиды аса бір ыстық сағынышпен әрі төзбес төзіммен тосуы Рәбиға, Бағдагүл тәрізді әйелдердің жан шыдамас өсегіне, кейбір еркектердің жігітшілігіне тойтарыс беріп отыруы, әртүрлі тұрмыс тауқыметі – Дәмелі өмірін еріксіз күреске, ұмтылысқа толы өмір дегізгендей. Қиын-қыстау сәттердегі әйел жанының беріктігі мен пендешілік әлсіздігі, психологиялық өзгерістері романда оқиғаның даму ыңғайына қарай логикалық тұрғыдан дәлелді түрленіп отырады. Бейбіт заманның өзінде ойдымы, бұралаңы көп тіршілік жолы соғыс уақытында тіпті қиындап, күрделене түскен. Ел ішіндегі экономикалық баланс бұзылып қана қоймай, рухани-моральдық, психологиялық ұғымдар да соғыстың зіл салмағы астында көпе-көрнеу деформацияға түскен. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбектің жанқиярлық үлгісін көрсетіп жатқан тыл ерлерінің алдында тұрған ауыртпалық та жетерлік. Адам тағдырын ойыншыққа, қоғам өмірін декорациясыз сахнаға айналдыру – соғыстың тағы бір қатігез мақсаты секілді. Бірақ, адамдар қандай қиындық болса да, қатал тағдырдың қақпақылында кетпейді. Күрес барлық жерде жүріп жатыр. Оның қай түрінен болмасын соғыс лебі, соғыс әсері сезіліп отырады. «Дәмелі» романын оқу үстінде бір байқалатын көркемдік нысана осыған саяды.

Қазақ әйелінің зауытқа келуі, техниканы тез арада меңгеріп, басқа да қиындықтармен күресуі халық өміріндегі тарихи құбылыстай сезіледі. Жазушы осындай тарихи-әлеуметтік мәні бар жайлардың мазмұнына үңіле отырып, жекелеген адам тағдырын даралап көрсетуді де мақсат еткен және онысын біршама сәтті орындап шыққан да. Романда суреттелетін көптеген адамдар уақыт бедеріне лайық бейнеленіпті. Әсіресе, бір топ орыс адамының образы өзіндік мәнермен тәп-тәуір шыққанын еске ала кетудің артығы болмас. Баранов, Александр Федорович, Михаил сияқты мамандар және бір топ әйелдер – Мария Макаровна, Вера Васильевна, Сима оқырман көңілінде жып-жылы әсер қалдырады. Әрине, бұлардың бойындағы кейбір ұқсастықтар шығарма көркемдігіне ептеп көлеңке түсіретін тәрізді. Ал қазақ кісілерін бейнелеуде жазушы жорға қаламына қайта мінеді. Дәмеліден басқа Асылбек, Өмірзақ, Әкімгерей, Жағыпар, Мәдіғали, Барлыбай характер даралығын танытатын әрқилы бейнелер. Бұлардың кейбірі үлгілі тірлігімен сүйсіндірсе, енді біреуі еріксіз бой түршіктіреді. Қат-қабат тағдыр иелерін соғыс қасіретімен байланыстыра суреттейін «Дәмелі» романы да кезінде қалың оқырманның эстетикалық талабын өтеп, кәдесіне жараған дәмді туынды. Көркем шығармашылықтың мәңгі ескірмейтін объектісі іспетті

адамгершілік-моральдық проблемалар – жазушының басты тақырыбы. Мейлі ол Отан қорғау, патриотизм жөнінде қалам тербесін, мейлі туған жер хақында тебіренсін, студент жастар өмірі жайлы туындылар жазуға тәуекел етсін, әйтеуір, қай тақырыпқа бармасын, шығарманың моральдық-этикалық жүгі, өнегелік міндеті жайлы ешқашан естен шығармайды. Адамгершілік-моральдық проблемалар Ө. Қанахин шығармашылығын әрлендіріп, тартымды етіп тұрған басты желілердің бірі десек, артық айтқандық емес. Оның қай повесть, қай әңгімесінен де осындай әдеби функция айқын аңғарылады. Жазушы шығармашылығының өн бойына арқау болып тартылған осы бір қасиеттің зерделей қараған жағдайда қапысыз көзге түсері сөзсіз. «Жүрек қалауы», «Құдірет» романдары, әлденеше әңгімелері негізінен осы мәселелерге арналса, «Жас дәурен», «Маздақ» повестерінде адамгершілік-моральдық пайымдаулар екінші пландағы линия ретінде үнемі көрініс беріп отырады. Бұл тұрғыдан алғанда, Ө. Қанахинның шығармашылық кредосы, қалам қайраткері ретінде ұстанған бағыты айқын. Оқырманына кішкентай болса да ұнамды өнеге, танымды тәлім беру, жақсылыққа құлшындырып, жамандықтан жирендіре білу қаламгердің қасиетті парызы деп түсінеді ол. Осы міндетті орындаудағы жазушы тәсілі – құрғақ ақыл, жалаң дидактика айту емес, нақты оқиға негізінде қажетті ойды ұғындыра білу. Жазушы шығармаларының көбінесе, қызықты сюжетке құрылуының бір себебі осында жатқан сияқты. Әрине, мөлшерден асқан жағдайда шығарманың құрылымы жалаң оқиғаға сүйеніп қалатын сәттер де жоқ емес. Адамгершілік мәселелері төңірегінде кейде ой мен характердің қайталай көрініс беретінін де жасыруға болмас. Бірақ, басы ашық, айқын нәрсе – жазушы қажетсіз немесе мағынасыз ситуацияларды туынды өзегіне айналдыруға тырыспайды. Тартымды оқиға, келелі проблема, қызық характер, жеңіл де қарапайым тіл – Ө. Қанахин шығармашылығын бөлектейтін бедерлі белгілер.

Нақ осы сипаттар жетпісінші жылдардың басында дүниеге келген «Жүрек қалауы» романында толық көрінген. Бұл роман да жазушының өзге шығармалары тәрізді қалың оқырман ішіне тез тарап, сіңіп кетті. Оның себебі тақырыптың тартымдылығы ғана емес, қойылған проблеманың өзектілігі, берілу формасының бірегейлігі дер едік. Соғыстан кейінгі жылдардағы студенттер ортасы, олардың таным-түсінігі, әлеуметтік қоғамдық өмірге көзқарасы, жалпы эстетикалық пайымдаулары – оқырманды қызықтыратын мазмұнды компоненттер. Зәру, Демесін, Кеніш, Нұрай, Жұпар бейнелері көтеріп тұрған эстетикалық жүк айқын. Бұлардың біреуі таза адамгершілікті, шынайы достық пен махаббатты уағыздаса, екіншісінің түсінігі бұл көзқарасқа мүлде қарама-қарсы (Жұпардың өмір жайлы философиясын алыңыз). Сондай әрқилы түсініктеріне қарамастан, бұлардың басын қосып тұрған ортақ нышан – әлеуметтік-географиялық бірлік. Түптеп келгенде мұның өзі сыртқы фактор ғана, адамдарды жақындастыратын рухани туыстық,

көзқарастар үйлесімділігі. Романның соңғы бетін жапқанда, оқырман көкірегіне түйетін негізгі ойдың бірі осы. Демесін, Кеніш, Нұртай жеке-жеке алғанда жоғары интеллектілі жандар. Талас-пікірлері әлеуметтік-философиялық ыңғайда өрбіп отыратын бұлар өз тұсындағы қазақтың өресін, ойлы жастарының бейнесін танытады. Бүгінгі жас оқырман да осылардың ұнамды қасиеттерін үлгі-өнеге етсе, кей жағдайда тіпті еліктеп жатса еш әбестік жоқ. Олардың әңгімелеріне өзек болған әділет пен шындық, махаббат пен достық таусылып бітпес мәңгілік тақырыптар ғой.

«Жүрек қалауы» романында осындай маңызды мәселелер жайлы өрбіген талас-пікірлерге мол орын берілсе, «Күдіретте» нақты оқиға кейіпкер төңірегінде лирикалық-психологиялық планда дамып отырады. «Жүрек қалауы» сияқты бұл шығарма туралы да кезінде әралуан сын пікірлер болғанын білеміз. Ой таластырушылардың бір тобы роман кейіпкері Гүлнұрға «моральдық жағынан солқылдақ», «дәйексіз, тайыз» деп кінә артса, екінші пікір иелері оның бойынан өз босаңдығын жеңе білген рухани мықтылықты, тазалықты көреді. Бұл жөнінде кезінде «Қазақ әдебиеті» газеті оқырман хаттарына кеңінен шолу жасап, қызықты әңгіме өткізген болатын.

Романға негіз болып отырған көркемдік шындық, шынында да, тосын қызықты. Жетім қыз Гүлнұр өзін оқуға түсірген мосқал профессор Бекмырза Оразымбетовке тұрмысқа шығады. Оның бұл шұғыл әрекетіне туған анасы да себепкер. «Сүйгенге бергісіз сыйластық болатынын», тұрмысы жақсы оқымысты адаммен жарасып кетуі де мүмкін екендігін қайта-қайта қадап айта беретін сол кісі. Ананың айтқаны алғашында рас сияқты көрінгенімен, уақыт өте бәрі өзгеріп кетеді. Гүлнұр қарт профессордың бойынан әртүрлі мін көреді, аспирант Ернарды ұнатып қалғаны тағы бар. Жазушы кейіпкердің жан құбылысын, алуан күйге түскен психологиясын жан-жақты суреттей отырып, оқиға барысын кульминациялық деңгейге дейін жеткізеді. Бұл жағдайдың айқын көрінісі кейіпкер қазасы болып табылатыны сөзсіз. Жалпы, автор бір қарағанда оқыстау көрінетін, бірақ өмірде ұшырасуы әбден мүмкін тосын оқиғадан адамгершілік-моральдық мәні бар көп мәселені алға тартады. Сол арқылы оқырманды да түрлі күйге түсіріп, ойлануға мәжбүр етеді. Біздіңше, жазушының бұл романдағы көркемдік табысының өзі Гүлнұр бейнесін қайшылықта алып бейнелеуі, сол арқылы түйінді-түйінді ойлар айтуы.

Бұл туындыдан Ө.Қанахинның прозашы ретінде кемелденіп, шеберлік сырларына тереңдеп ене түскенін, жаңашылдыққа ұмтылатынын байқаймыз. «Күдірет» жазылу жағынан бұрынырақ өмірге келген. «Жас дәурен» повесіне, одан бергі «Жүрек қалауы» романына да ұқсамайтын, жазушының шығармашылық қоры барын аңғартатын сүбелі дүние. Оқырман, қауым құмарта оқыған туындылар қатарына «Жас дәурен», «Маздақ» повестері де жатады. Бұл екі шығарма тақырыбы, жазылу формасы жағынан бір-біріне ұқсамайды. «Жас дәуреннің» өзіндік ерекшелігі 1917 жылғы төңкеріс, ел ішіндегі аласапыран кездегі оқыған

қазақ қызының жан дүниесін, көзқарасын тәуір көрсете алуы. Уылжыған жас сұлу Толқынның көңілінде ештеңе жоқ. Әрі кеткенде жолай кездескен сыпайы жігіт Наурызға деген сүйіспеншілік сезімі ояна бастаған. Бірақ, замана лебі тарихи оқиғалардан тыс қалуға, екі құлақты тарс жауып безіп кетуге болмайтынын көрсетеді. Шығармада махаббат құдіретінің әсем әуені айқын сезіледі. Бүгін замандасымыз Маздақтың («Маздақ» повесі) жан дүниесінде Толқынға ұқсастық сезіледі. Әрине, ол алдыңғы апасындай әсер, қиял жетегінде жүре бермей, нақты өмірге нақты көзқараспен үңілуге тырысады. Алыстағы еңбеккерлер арасына келген энтузиаст жас маманның мақсаты айқын: лажы келсе, адамдарды тосын келген ауру-сырқаудан сақтау, кейбір ескішіл көзқарастармен күресу. Осы жолдағы Маздақтың мақсатының орындалуын жазушы өзіндік мәнермен тартымды етіп жеткізуге ден қойған. Осы орайда Өтебай ағамыздың бүкіл шығармашылығында әйелдер образының алатын орны ерекше екенін, әйелдің жан дүниесін талдауға жазушы қаламының үнемі бейім тұратынын атап айтуымыз керек. Екі повестің жазылу формасы, композициясы оқуға еріксіз ықыласыңды аударып тұрғандай әсер етеді. «Маздақ» повесін тіпті жас дәрігердің күнделігі деуге де лайық. Ө.Қанахин әңгіме жанрында да көп еңбек еткен. Олардың барлығы жанр табиғатына лайық жазылған, көркемдігі кенеулі туындылар. Жазушы қаламы әсіресе майдан тақырыбын игеруге келгенде жақсы құлшыныс танытады. «Медальон», «Капитан Доскенов», «Қарындас» тәрізді бірсыпыра әңгімелері осындай жоғары талап үдесінен шығып, оқырман әжетіне жарап кеткен шығармалар. Десек те, жазушы өз дарынының мүмкіндігін повесть, роман жанрларында мейлінше айқын көрсете білді. Бұл пікірдің бір айғағы «Ауыр күндерде», «Жер басып жүрсем», «Маздақ», «Жас дәурен» повестері, «Дәмелі», «Жүрек қалауы», «Құдірет» романдарының идеялық-көркемдік бітімі. Биылғы жылы туғанына 100 жыл толып отырған, әдебиет майданында қырық жылдан астам тер төгіп, оқырман қауымға татымды дүниелер ұсынған жазушы шығармашылығының кескін-келбетін, әдебиетімізге қосқан өзіндік үлесін ықшамдай анықтап, шағын шолу жасадық. Әрине, қаламгер шығармаларын жете талдау шағын мақалаға сыймайды. Сондықтан Өтебай Қанахин шығармашылығын толыққанды талдау, кітаптарын шығарып, оқырманға жеткізу тоқтамайтын үдеріс екені анық.

**Нүрдәулет АҚЫШ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері**